
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

19 наурыз 2015

2015 жылы зейнетақы төлемдерін алу тәртібі мен мөлшері туралы

Салымшы (алушы) жалпы белгіленген зейнеткерлік жасқа толған кезде (әйелдер – 58 жас, ерлер – 63 жас) міндетті зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш ресімдеу үшін БЖЗҚ-ның жақын орналасқан кеңсесіне өтініш білдіруі тиіс.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес есептеледі[1] және:

1. тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшері. 2015 жылы бұл сома 710 760 теңгені құрайды;
2. алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шамалардың неғұрлым жоғары мөлшерін құрайды.

Өтініш ресімдеу үшін алушының өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы мен зейнетақы жинағын аудару үшін банктік деректемелері болуы қажет.

Салымшы (алушы) төлемдер кезеңділігін (ай сайын, тоқсан сайын және жыл сайын) БЖЗҚ-мен қосымша келісім жасаған және қол қойған кезде өзі белгілейді.

Зейнетақы жинағы алушының зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішінде көрсеткен банктік шотқа аударылады.

Қазіргі таңда БЖЗҚ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын бірқатар екінші деңгейдегі банктер және ұйымдармен шарт жасасты, оған сәйкес зейнетақы жинақтарын аударуға, есепке жатқызуға және төлеуге байланысты банктік қызметтер төлемі, оларды айырбастау сомасын қоспағанда, БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі. Басқаша айтқанда барлық банк комиссиясын (айырбастауды қоспағанда) БЖЗҚ төлейді.

Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, олармен шарт жасалған, екінші деңгейдегі банктер мен ұйымдар тізбесі:

- 1) «БТАБанк» АҚ-ның Алматы филиалы;
- 2) «Темірбанк» АҚ;
- 3) «Альянс банк» АҚ;
- 4) «Delta Bank» АҚ;
- 5) «Цеснабанк» АҚ;
- 6) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

19 наурыз 2015

- 7) «Банк ЦентрКредит» АҚ;
- 8) «Қазпошта» АҚ.

Алушы жоғарыда көрсетілген екінші деңгейдегі банктердің бірінде не «Қазпошта» АҚ-да банктік шот ашқан кезде ағымдағы банктік шоттың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін аудару үшін қажет екендігін көрсетуі тиіс.

Сонымен қатар анықтамалық ақпаратты Қордың Байланыс орталығындағы 8 800 080 11 77 нөмірі бойынша немесе бірыңғай байланыс орталығындағы 1414 телефоны бойынша алуға болады. Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін.

Мәлімет үшін:

2014 жылғы 12 ай ішінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерінің сомасы 93,04 млрд.теңгені құрады.

[1] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 02 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидалары.

«БЖЗҚ» АҚ Баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстары: press@enpf.kz